



БҰЙРЫҚ

01.09.20

Сәтбаев қаласы

ПРИКАЗ

№ 10.2

город Сатпаев

Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы»

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы Педагогикалық әдеп қағидалары (бұдан әрі - Педагогикалық әдеп) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының және "Педагог мәртебесі туралы" 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына негізделіп, бекітілсін.

- 1.1 Педагогикалық әдеп ережелерін педагогтердің білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сапасын бағалау;
- 1.2 Педагогикалық әдеп мәтіні білім беру процесінің қатысушылары үшін белгілі бір қолжетімді орында орналастыру;
- 1.3 Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:
 - 1) адалдық;
 - 2) әділдік;
 - 3) жеке тұлғаның абыройын және қадір-қасиетін құрметтеу;
 - 4) патриотизм;
 - 5) жалпы адами құндылықтарды құрметтеу және төзімділік;
 - 6) кәсіби ынтымақтастық;
 - 7) үздіксіз кәсіби даму;

Педагогикалық әдептің негізгі нормалары

- 1) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді жоғары адамгершілік рухына, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасау;
- 2) білім алушыларға Отанына - Қазақстан Республикасына құрметпен қарауды үйрету, патриотизм рухын ұялату;
- 3) Қазақстан Республикасы педагогінің жоғары атағының беделін түсіруге мүмкіндік туғызатын іс-әрекеттерді жасауға жол бермеу;